**Автор**: Тулеуова Бибигул
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Сүйіспеншілік пен достық
**Тақырып**: Мария Шоқайдың махаббаты

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: | 7.3.1.1. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.<br>7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану |
| Сабақ мақсаты: | Ұсынылған мәтін негізінде күрделі жоспар құруды үйренеді. |
| Бағалау критерийлері: | Мәтіннің күрделі жоспарының қалай жасалатындығын түсіндіреді. Тұйық етістіктің жасалу жолын біледі, қолданады. |
| Тілдік мақсаттар: | Пән лексикасы және терминология: Шынайы достық, дәлел, жай жоспар, күрделі жоспар Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: Менің ойымша; пікіріме мынадай дәлелдер келтіремін; оның мынадай себептері бар; себебін былай түсіндіремін. |
| Осыған дейін меңгерілген білім | Оқушылар шығарма негізінде жоспар құра алады. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (3 минут) | Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.<br>Ой қозғау. « Сөздер банкісі» Топтық жұмыс. Сабақ мақсатына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін параққа жазады.1 мин.<br>Уақыт аяқталған соң топ мүшесі дауыстап оқиды. Барынша көп сөз жазған топ жеңімпаз болады. | А4 парақта жазылып, тақтада тұрады. А3 парақ |

<table>
<tr><th>Сабаққезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>(30 мин)</td><td>1-тапсырма. ТЖ Оқушылар топтарда күрделі жоспар қалай жасалатындығын талдайды: күрделі жоспардың әрбір тармағына тезистік сөйлемдер жазылады. Ал қолдаушы сөйлемдер тармақша ретінде жазылады.      Қорытынды шығарады: қолдаушы сөйлемдер тезистік сөйлемдердің мәнін ашады.<br>Мұғалім: Жоспар құрған кезде бөлім атаулары сөйлем болмауы керек. Ол үшін атаулы немесе тұйық етістікті сөйлемдер қолданған дұрыс.Оқушыларға тұйық етістік туралы мағлұмат беріледі.<br><br>2-тапсырма. ЖЖ  Мәтінді оқиды. «Сыртқа, ішке» әдісі<br>Тапсырма. Берілген сөздерден есімшелер мен көсемшелерді тауып, «Сыртқа» бағанына жаз. Оларды тұйық етістікке айналдырып, «Ішке» бағанына жаз.<br>Жоспарлаған едік, ризашылық, сағыныш тамшылары, толқып, кілт тоқтады, сүйіспеншілік, қойдық, сақтап, ардақ тұтты, құптап, зиярат, Шоқайтану.<br><br>
<table>
<tr><th>Сыртқа</th><th>Ішке</th></tr>
<tr><td>Жоспарлаған едік Толқып Сақтап Құптап</td><td>Жоспарлау Толқу Сақтау Құптау</td></tr>
</table>
<br>Дескриптор<br>1. Есімше, көсемшелерді іріктеп алады. 2. Тұйық етістікке айналдырады.<br>ҚБ Бірін – бірі бағалау. «Менен 1 жұлдыз»<br>Көрші жұптың жұмысын дескриптор бойынша бағалайды. Мұғалімнің кері байланысы.<br>3-тапсырма. 2- тапсырмадағы сөздер мен тіркестерді пайдаланып күрделі жоспар құрады.<br><br>
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Мәтінге күрделі жоспар құрады.</td><td>1.Күрделі жоспар құрады.<br>2. Тұйық етістіктерді пайдаланады.<br>3.Мәтіннің ерекшелігін ескереді.</td></tr>
</table>
<br>ҚБ Өзін- өзі бағалау. Бағалау терезесі.<br>Оқушылар өз жұмыстарының шетіне терезе салуы керек. Әр дескриптор терезенің бір көзі болып есептеледі.<br><br>Кері байланыс. «Сократтың сақинасы» әдісі<br>Ішкі шеңберге 1,2 көзді терезесі барлар тұрады. Сыртқы шеңбердегілер қарсы тұрған оқушыға күрделі жоспар туралы түсіндіреді.<br>Мұғалім оқушылардың жұмысына кері байланыс береді.</td><td>Қазақ тілі оқулығы. "Атамұра" баспасы 73- бет.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>(7 минут)</td><td>Рефлексия. «7МЕН» .<br>Мен ... тапсырмаларын орындадым.<br>Менің...<br>Маған...<br>Мені...<br>Менде...<br>Менен...<br>Менімен...</td><td></td></tr>
</table>